Бурашов Шоқан Уәлиханұлының
8D04208-Құқық PhD докторы академиялық дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманы қолданудың құқықтық мәселелері» атты диссертациясына рецензент Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы» кафедрасының Phd аға оқытушысы Мырзатаев Нұрмухамед Даулеткельдиевичтің
сын-пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	**Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының ережелерінің елімізде жемісті жұмыс жасауымен нақтыланады.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құралы болып табылатын «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы» Жарлығында үш түйінді бағыт бойынша 10 нақты міндетті білдіреді: азаматтардың әл-ауқаты, институттардың сапасы және күшті экономика құру бойынша бағыт береді. Осы көрсетілген ресми құжатта әділ әлеуметтік саясат, сапалы білім беру, азаматтардың мүдделерін қорғауға арналған әділ және тиімді мемлекет құру жоспары іске асуда.Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген **Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы** диссертатциялық зерттеулердің ең өзекті басты саяси бағыт-бағдары болып табылады. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелеріне

			қатысты маңызды құжаттар, соның ішінде Тұтынушы құқықтары мен сапа нормаларын дамыту да, тұтынушылық шарттар, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы үшін бизнестің жауапкершілігі туралы заңнаманы дамытуды ұсынады. Бұл бағыт тұтынушылардың құқықтық қорғалу деңгейін арттыру, кәсіпкердің тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейтуге бағытталған реттеуші бағдар болып табылады. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйені дамытудың басым бағыттары, соның ішінде заңнамаларды жетілдіру, құқық қорғау тиімділігін арттыру, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін күшейту, олардың құқықтарын сот және соттан тыс қорғау тетіктері әзірленді. **Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын жүзеге** асыру барысында азаматтық заңнама мен білім берудегі салалық заңнаманы жаңғыртуға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарға қатысушылардың құқықтық қорғау деңгейін жетілдіруді айқында даму бағыты ретінде қарастырады. Сонымен қатар, бұл тақырыптың өзектілігі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген, адами капиталдың сапасын арттыруды, білім беру жүйесін жаңғыртуды, білім беру қызметін реттеудің құқықтық тетіктерін жетілдіруді және жоғары сапалы білім беру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуді көздейтді

			2026 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының **3-бапында** Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; білім құндылықтарын бекітуді ерекше атап көрсетті. Осы конситутция аясында біздің еліміздің адамдары тең құқылы. 2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды деп қарастырады. Қазақстан Республикасының азаматтары білімді дамытуға белсене араласуы керек. Осы тұрғыдан диссертатция тақырыбы мен өзектілігі сәйкес келеді. Сонымен қатар қабылданған жаңа конситутцияның **12-бапында** Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы. 2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегін алу құқығы танылады. Біз жүргізген зерттеулердің білім беру қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіруге қатысты проблемаларды зерделейтін және білім беру саласындағы меншіктің түріне қарамастан, мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын,

			білімгерлер мен білім беру ұйымдарының құқықтарына кепілдіктерді және білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету тетіктерін анықтайтын **Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының** аясында жүргізелді. Сонымен қатар 2026 жылдың 9 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының цифрлық кодексі қабылданған. Осы қабылданған цифрлық кодекс аясында, цифрлық заңнамасының мақсаты мен міндеттері бойынша еліміздегі білім беру саласындағы тұтынушылардың құқықтарының қорғалуы, тұтынушылардың деректерінің қорғалуы сияқты бірқатар жұмыстардың заңмен қорғалуын көздейді. Қазақстан Республикасы цифрлық заңнамасының мақсаты жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін цифрлық ортаның орнықты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. цифрлық заңнамасының міндеттері болып табылады: Цифрлық ортада туындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу бойынша білім беру саласындағы білім беруші мен білімгердің құқықтық қатынастарын заңмен қадағалануы қарастырылады. Қазақстандағы білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы қолданудағы құқықтық мәселелерді зерттеу мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдықтарына толық сәйкес келеді және білім беру қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіруге, білімгерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге және осы салада тиімді

			құқық қорғау тетіктерін әзірлеуге бағытталған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың негізгі зерттеу өзектілігі алынған нәтижелер, құқық саласының дамуына айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығын анықтау бағытында толық зерттелген. Заң ғылымының білім беру саласындағы тұтынушының статусын белгілеуде олардың құқық қатынастарын зерттеуге қомақты үлес қосады. Қазіргі таңда жаһандану үрдісінде, әлемдік деңгейді білім беру жүйесі қарқынды даму үстінде. Осы күнге дейін тек ғана біздің елімізде емес, халықаралық аренада білім беру қызметтері тек әлеуметтік құндылық ретінде қарастырылып келген болатын, қазіргі таңда білім беру азаматтардың рухани байлық ретінде әлеуметтік құндылық ретінде ғана қарастырылмай, білім беру саласындағы әр-түрлі меншіктердің пайда болуымен, білімгердің білім беру қызметтерін тұтынушы ретінде әрекет ететін азаматтық-құқықтық қатынастардың нақты объектісі ретінде қарастырылады. Осы диссертатция тақырыб аясында, білім беру қызметтеріне құқықтың белгілеген заңдарының негізінде, білім беретін ұйымдар мен білімгердің құқықтық қатынастары зерттелді. Сонымен қатар, білім беру саласындағы тұтынушы ретіндегі нақты құқықтық мәртебесі нақтыланды.Тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге бағытталған проблемалар анықталып, оның шешу жолдары ұсынылды. Диссертатцияда жүргізілген ғылыми зерттеулер, Қазақстан Республикасының заң ғылымының дамуына

			және осы саладағы құқықтық қатынастарды реттеуде теориялық және практикалық маңыздылығы бар деп есептейміз.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Бурашов Шоқан Уәлиханұлының диссертациялық жұмысындағы жүргізілген зерттеулер, оның жазу стилі ғылыми тұрғыдан кең мағынада тақырыпты аша білген жұмыс болып табылады. Ғылыми тұжырымдамалары нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Бурашовтың жүргізген зерттеулерінің нақты нәтижелері ізденушінің білікті маман әрі ғылыми-зерттеуші екендігін дәлелдейді. Өзінің ғылыми көзқарастырын ғылыми тұрғыдан дәлелдей білетін тұлға, өз бетінше жұмыс жасауға қабілетті. Диссертация жұмыстың ауқымдылығы, оның мазмұны автордың тәуелсіз ғылыми-зерттеулерінің көлемін айқындайды. Диссертация авторы білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құқықтық актілерге және құқық қолдану тәжірибесіне кешенді талдау жүргізді. Диссертатциялық жұмыстың нәтижелері мен ұсыныстары тәуелсіз және білім беру құқықтық қатынастары мен білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге негізделген. Зерттеу нәтижелері диссертация мәтіні бойынша негізделген, мәтінде жоспарға сәйкес белгіленген әрбір сұрақ бойынша диссертанттың талдауы мен жеке көзқарасы көрініс тапқан. Өзі жазу деңгейі: жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертант білім беру саласындағы

		1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	қатынастарды құқықтық реттеуді дамытуға және білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға байланысты маңызды және өзекті зерттеу тақырыбы диссертацияның өзектілігін негіздейді. Диссертатциялық жұмыстың өзектілігі, білім беру қызметтерінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін және дәстүрлі азаматтық-құқықтық қатынастардан ерекшеленетін арнайы құқықтық реттеу тетіктерін қажет ететінін көрсетеді. Зерттеудерде анықталған проблемалар тақырыптың өзектілігін дәлелдейді. Ал диссертацияның негізгі жасалған бағыты мен мазмұны осы көрсетілген, қордаланған проблемаларды заң ғылымының деңгейінде шешуге негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертатция тақырыбын зерттеу бағытын толығымен айқындайды. Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы қолданудың теориялық және практикалық мәселелеріне кеңінен тоқталып, жан-жақты кешенді талдау жүргізілген. Зерттеу логикалық тұрғыдан құрылымдалған және халықаралық тәжірибені, ұлттық заңнаманы және құқық қорғау тәжірибесін талдауды қамтиды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертатциялық жұмыстың мақсат-міндеттері тақырыбын аясында, қарастырылған негізгі мпроблемаларды жүйелі түрде шешуге негізделген.. Нақтыланған міндеттер зерттеудің мақсатына жетуге бағытталған. Диссертацияда қамтылған ғылыми ақпараттың қайнар көзі

			болып табылады, PhD академиялық дәреженің біліктілік жұмысының деңгейіне толығымен сәйкес келеді. Мақсаты пен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертация тақырыбын жүйелі түрде ашылуына жан-жақты жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне негізделіп, сәйкестендірілген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Ізденуші Шоқан Бурашовтың диссертациялық жұмысының құрылымы ғылыми-зерттеудің негізгі логикасына сәйкес құрылған. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Бірінші бөлімде Білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің тарихи алғышарттары мен теориялық құқықтық негіздері тарихтан бастап, осы күнге дейінгі тұтынушылардың құқықтық қатынастары қарастырылды. 2-ші бөлім бойынша Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамамен реттелетін білім беру қатынастары субъектілері жүйесінің нормативтік-құқықтық тұрғыдан бекітілуіндегі құқықтық қатынастардың алғышарттары көрсетілді. диссертатцияның 3-ші бөлімінде Білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы істер бойынша заңнаманы және сот тәжірибелерінің статистикасы соңғы 10 жыл көлемінде, білім беру саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша сот істерінің сот практикасының шынайы статистикасын алып, нақты практикаға сүйенген жұмыс болыып табылады. Диссертатциялық жұмыста

			қорытынды мен пайдалаған дереккөздердердің тізімі көрсетілген. Диссертатцияда зерттеудің логикасы сақталған, бөлімдер арасында ішкі бірлік бар. Зерттеу тақырыбын ашуға бағытталған сұрақтар дұрыс тізбектілікте және орынды қарастырылған. Жұмыстың әр бөлімінде қарастырылатын сұрақтар жүйелі әрі толық ашылып, бөлім соңында автордың негізделген қорытындылары келтірілген. Жалпы, әрбір бөлімшенің мазмұны сәйкес бөлімнің логикасына сай құрастырылған және бөлімдер арасында өзара логикалық сабақтастық сақталған.Әрбір бөлім алдыңғы бөлімді жалғастырады және келесі бөлімді алдын ала көрсетеді. Диссертацияның тұжырымдары біртұтас, жан-жақты зерттеуден туындайды, бір-бірін толықтырады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **<u>1) сыни талдау бар;</u>** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен қатар, шетелдік заңнама мен халықаралық құжаттарға, сондай-ақ, доктриналық тұжырымдарға баға бере отырып, ғылыми-зерттеулерін нақты материалдардың дерегімен аша алған және теориялық материалға, түрлі авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдамалар мен көзқарастарын жинақтап, сыни талдау жасаған. Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер көлемі жеткілікті. Ізденуші көптеген дереккөздерге, ғылыми еңбектерге талдау жасап, практикалық материалды кеңінен пайдаланған. Диссертант дереккөздерді таңдау барысында тақырыптан ауытқымаған, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген барлық қайнар-көздер орынды, сондықтан да диссертацияның нәтижелері зерттеудің мақсат-міндеттеріне

			сәйкес келеді және олар зерттеу әдістерін тиімді қолдануға негізделген. Автор ұсынған жаңа шешімдер толығымен дәлелденген. Автор отандық және халықаралық зерттеушілердің ғылыми тәсілдерін, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды реттеудегі халықаралық тәжірибені талдады. Автордың қорытындылары мен ұсыныстары қолданыстағы тәсілдерді сыни талдаудың нәтижесі болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге бағытталған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **<u>1) толығымен жаңа;</u>** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докоранттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының ғылыми жаңалығы дәлелденген. Жұмыста зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес алынған ғылыми нәтижелер мен ережелер Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы тұтынушылардың құқығын қорғауда, осы саладағы тұтынушының статусын айқындау, оның құқығын қорғауды қамтамасыз ету ғылымы үшін толығымен жаңа болып табылады әрі олар жоғары деңгейдегі түпнұсқалығымен сипатталады. Диссертатциялық жұмыста зерттеулерде қол жеткізген қағидалар мен нәтижелер ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы білім беру қызметтері саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуге және осы саладағы тұтынушылардың құқықтарын қорғауға тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Қарастырылып отырған

		<u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	диссертациядан мынадай қорытынды жасауға болады: - ізденуші қазіргі күнге дейінгі осы тұтынушының, яғни білім беру саласындағы кездесетін проблемаларды талдай келе, тұтынушылардың құқығын қорғау мен білім беруші мен білімгердің арасындағы құқықтық қатынастарды жүйелеген; -Тұтынушылар құқықтарын қорғаудың бес деңгейлі жүйесінің (жеке, кәсіпкерлік, қоғамдық, мемлекеттік және халықаралық деңгейлер) тұжырымдамасы ұсынылды; -Халықаралық және өңірлік нормалардың (Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі нұсқаулықтары, Еуропа Одағының директивалары және Қазақстан Республикасының ұлттық шеңберіндегі) заңнаманы жаңғыртуға әсері көрсетілді; -Құқықтық қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында еуропалық құқықпен заңнамасын Қазақстан Республикасының заңдарына бейімдеуге негізделді; -Білім беру дауларында ұжымдық талап қою және медиация институттарын енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді; -Мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың цифрлық құралдарының (E-Tutynushy, жоғары оқу орындарының цифрлық есептілігі, тұтынушылардың онлайн-қызметін қолдану) рөлі дәлелденді; -АҚШ, Түркия, Жапония, Индонезия және Еуропалық Одақ елдеріндегі тұтынушыларды қорғау құқықтық модельдерінің салыстырмалы талдауы білім беру саласы бойынша жүргізіліп,

			Қазақстанның білім беру саласына бейімдеудің тетіктер айқындалды. -Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін нормалардың жеткіліксіздігінің нақтылануы; -әзірленген келісімшарт тараптарының құқықтары мен міндеттердің анық көрсетілмеуі; - тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жаңа сатысын анықтай келе, өзінінің нақты жетілдіру ұсыныстар ұсынған. Автор қазіргі кезеңдегі білім беру саласындағы тұтынушылардың құқықтың қатынастатына ерекше тоқталып, заң тұрғысынан мәселелерді сотқа дейінгі шешу жолдарын қарастырып ұсынған, практикада жемісті болатынын дәлелдеуге негіздеген. Автордың барлық тұжырымдар мен қорытындылар нормативтік актілерге, сот шешімдеріне, халықаралық ұйымдардың есептеріне және салыстырмалы зерттеу нәтижелеріне негізделген. Қазақстан Республикасының заң ғылымында алғаш рет білім беру саласында тұтынушылардың құқығын қорғауды жетілдіруге бағытталып, ҚР заңнамасын жетілдіруге, білім саласындағы тұтынушылардың құқығын қорғау механизмдерін жетілдіруге үлесін қосады. Автор өзінің ғылыми-зерттеу жұмысын қорытындылай келе, зерттеліп отырған тақырыпты болашақта одан әрі тереңдете зерделеуді қажет ететін мәселелерді де айқындап берген. Ізденуші еліміздің білім беру

			саласындағы тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелерін, азаматтық құқық тұрғысынан зерттеп, олардың мәселелерін шешудегі қолдану саласын жетілдіруге ықпал ететін әдіснамалық ұсынымдарды болашақта кешенді түрде зерттеу қажеттігін ұсынған. Жалпы алғанда, ұсынылған барлық тұжырымдар жаңа және өзекті болып табылады. Автор білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтық мәртебесін және олардың құқықтарын қорғау тетіктерін анықтауға жаңа тәсілдерді ұсынады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда Ш.Уәлиханұлы Бурашов ұсынған шешімдер жаңалыққа негізделіп, нақты ұсыныстар ұсынылған. Қазақстан республикасындағы білім беру жүйесіндегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы жетілдіруге; сотқа дейінгі дауларды шешу тетіктерін әзірлеуге; білімгерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктерін нығайтуға; және білім беру қызметтерін реттеудің заманауи тәсілдерін енгізуге бағытталған. Бұл шешімдер диссертациялық зерттеудің материалдарымен, әдістерімен және мазмұнымен расталған және ол нәтижелерді автордың ғылыми жаңалығының басылымдарымен расталды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер мен қорытындылар теориялық және практикалық тұрғыда зерделенген. Диссертациялық зерттеудің алынған нәтижелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін талдауға; халықаралық құқықтық құжаттарға; отандық

			және шетелдік ғалымдардың ғылыми басылымдарына; және құқық қолдану тәжірибесінің материалдарына негізделген. Жұмыста ұсынылған ғылыми-әдістемелік тұжырымдар заманауи талаптарға сай халықаралық тәжірибелерді ұлттық білім беру саласына негіздеуге, білім беру саласындағы тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелерін шешуді тиімді ұйымдастыруға бағытталған. Диссертацияның барлық қорытындылары нормативтік актілерді және доктриналық қайнар-көздерді талдаумен қатар, статистика мен сот практикасын эмпирикалық негіз ретінде қолданумен қамтамасыз етіледі. Негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Оның барлығы диссертация мәтінінде көрінісін тапқан.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;**	Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қорғауға келесі негізгі тезистер ұсынылды: 1-тұжырым. 7.1 Диссертацияның бірінші тұжырымы білім берудегі тұтынушыларды қорғаудың заманауи моделін қалыптастырудағы тарихи-құқықтық талдаудың рөлін нақтылай талдады. Автор тұтынушыларды қорғау институтының дамуының тарихи ретроспективасы осы институттың эволюциясындағы заңдылықтарды анықтауға және оның білім беру саласындағы құқықтық қатынастарының дамуына әсерін талдау жолдарын көрсетті. Диссертатцияның зерттеу бөлімінде әртүрлі құқықтық жүйелердегі білім беру қызметтерін тұтынушыларды қорғаудың құқықтық

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	механизмдерінің қалыптасуы талданды, бұл Қазақстан Республикасындағы осы институттың тұрақты жұмыс жасауына және дамуына оң ықпал етеді. Білім беру саласы бойынша, құқықтық реттеудің шетелдік модельдерінің салыстырмалы талдауына ерекше назар аударылады, бұл өз кезегінде еліміздегі білім беру саласындағы тұтынушылардың құқығын қорғаудың ең тиімді механизмдерін анықтауға және оларды қазақстандық заңнамаға бейімделуін және қазіргі кезеңдегі жасанды интеллектпен цифрландыру кезеңінде енгізу перспективаларын бағалауға мүмкіндік берді. Бұл ұсыныс дәлелденген. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – «Қазақстандағы тұтынушыларды қорғау теориясы ретроспективті аудитория тәжірибесіне негізделген» мақаласында дәлелденген // Қарағанды Хабаршысы университеті. - 2022. - № 1 (105). - В. 46-54. 2-тұжырым. 7.1 Диссертацияның екінші тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасындағы, яғни нақты қарастырғанда білім беру қызметтеріндегі құқықтық қатынастарға жаңа көзқарас қалыптастыру көзделген. Осының негізінде білім саласында

			халықаралық тұтынушыларды қорғау стандарттарын енгізу қажеттілігін негіздейді. Автор тұтынушыларды қорғау заңнамасының қазіргі кезеңдегі тұрақты дамуы халықаралық құқықтық стандарттарды, халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын және еуропалық құқық ережелерін ескеруді талап ететінін көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларды қорғау заңнамасын жаңғыртудағы үрдістер, азаматтардың құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктерін нығайтуға, сотқа дейінгі дауларды шешудің тетіктерін дамытуға және тұтынушының құқығын қорғаудың заманауи құқықтық құралдарын енгізуге байланысты анықталған. Бұл ұстаным дәлелденген. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – Осы төмендегі мақалаларында дәлелденген. «Қазақстан Республикасындағы тұтынушылардың құқықтары және оларды құқықтық реттеу: әлемдік тәжірибе контексіндегі трансформация» // Қоғамдық тұтастық, 25(6), 614–632. https://doi.org/10.1080/10999922.2022.2101268; «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау халықаралық стандарттар жүйесі ретінде» // Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстандағы заң ғылымының дамуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

			университетінің Тарих және құқық институты (24 желтоқсан 2021 ж.). – Алматы, 2022 ж. 3-тұжырым 7.1 Үшінші тұжырымдамада Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді институционалдық жүйесін қалыптастырудың тұжырымдамалық негізін әзірлеуге арналған. Диссертацияда тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктерін әзірлеу қажеттілігі, соның ішінде қоғамдық ұйымдардың қатысуын кеңейту, дауларды сотқа дейінгі шешу рәсімдерін жетілдіру және тұтынушылардың құқықтарын қорғауға мемлекеттік бақылауды күшейту негізделеді. Автор тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың институционалдық жүйесін жетілдірудің бірқатар бағыттарын ұсынады, соның ішінде қоғамдық бақылау тетіктерін әзірлеу, мемлекеттік органдардың қызметін бағалауды енгізу және тұтынушылардың құқықтық мәдениетін дамыту. Бұл тұжырым дәлелденген. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – «Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы қызмет көрсетушілердің құқықтары: мәселелерінің тұжырымдамасы және жаңарту мәселелері» мақаласында дәлелденген // Қазақстан Республикасы Ғылыми-техникалық журналы. – 2022. - № 2 (69). – 104-115 ВВ.

			4-тұжырым. 7.1 Төртінші тұжырымдама бойынша Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы білім берудегі тұтынушылардың негізгі статусын анқытайды. Автор білім беру қызметтерін тұтынушы санаттарын; білім беру қызметтерін; білім беру құқықтық қатынастарын; ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартын; және білім берудегі тұтынушыларды қорғауды зерттейді. Осы бағыттағы білім беру құқықтық қатынастары күрделі және құқықтың әртүрлі салаларының – азаматтық, әкімшілік, қаржылық және білім беру құқығының бірлесіп, қиылысып қалыптасатыны көрсетілген. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – «Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы қызметтердің тұтынушыларының құқықтары: мұнай және газ өндірісінің тұжырымдамасы» мақалаларында дәлелденген // Қазақстан Республикасы Ғылыми-техникалық журналы. – 2022. - № 2 (69). – 104-115 ВВ.; Әлемдегі және Қазақстандағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау институтының құрылуы, «Жаһандық ғылым және инновациялар 2021: Орталық Азия» халықаралық ғылыми журналы, -№ (1)12,-2021. 5-тұжырым. 7.1 Диссертациялық жұмыстың бесінші

			тұжырымдамасында, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамамен реттелетін білім беру құқықтық қатынастарының субъектілерінің жүйесі белгіленіп, олардың құқық тұрғысынан реттелу жолдары ұсынылды. Автор отандық заң ғылымында алғаш рет білім беру құқықтық қатынастарының субъектілерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнама тұрғысынан жүйелі түрде жіктеген. Бұл субъектілер арасындағы өзара әрекеттесудің құқықтық сипаты ашылып, білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын тиімді қорғау тек мемлекеттік, қоғамдық және жеке құқықтық қорғау нысандарын біріктіріп, кешенді институционалдық механизмнің жұмыс істеуі арқылы ғана мүмкін екендігі көрсетілген. Автордың ғылыми үлесі білім беру қызметтерін тұтынушылар ретіндегі білімгерлердің құқықтық мәртебесін нақтылаудан және Қазақстан Республикасының заңнамасында білім беру құқықтық қатынастарының субъектілері жүйесін нормативтік бекіту қажеттілігін негіздеуден тұрады. Жүргізілген зерттеу білім беру қатынастарына қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесуді құқықтық реттеудегі кездесетін кедергілер мен олқылықтарды анықтауға және осы саладағы нормативтік базаны жетілдіру бағыттарын ұсынуға мүмкіндік берді. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – Зерттеу нәтижелері осы бағытта уәкілдігі

			бар арнайы басылымдарда жарық көрген.: Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтары: концептуализация мәселелері және заңнаманы жаңғырту мәселелері // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының хабаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. – 2022. - №2 (69). – 104-115 ББ.; «Жоғары кәсіптік білім беру саласындағы білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарына азаматтық-құқықтық реттеу» // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. – №3 (70). - Б. 80-89. 6-тұжырым 7.1 Жұмыстың алтыншы тұжырымдамасында автор білім беру және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық базасына кешенді зерттеулер жүргізіп,талдауларымен дәлелдейді. Диссертациялық жұмыс қазіргі кезеңдегі қолданыстағы заңнаманың фрагменттелгенін және азаматтық-құқықтық қатынастарда тұтынушының мәртебісін нақтылау және тұтынушыны жеке субъект ретінде қарастырудың қажеттілігі мен білім беру қызметтерін кешенді реттеудің біз ойлағандай дәрежеде еместігін нақтылайды. . Білім беру және азаматтық заңнаманың жеке ережелері білім беру қызметтерін тұтынушылар ретінде білімгерлердің құқықтарын толық және тиімді қорғамайды. Автор құқықтық реттеудегі негізгі мәселелерді, соның ішінде

			білімгерлердің құқықтық мәртебесінің жеткіліксіз айқындығын, тараптардың шарттық құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асырудың нақты тетігінің болмауын және білімгерлер мен білім беру ұйымдары арасындағы дауларды шешудегі құқық қорғау тәжірибесіндегі олқылықтарды анықтайды. Бұл диссертацияның ғылыми жаңалығы автордың білім беру заңнамасы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау заңнамасының өзара әрекеттесуін жүйелі талдауының негізінде қалыптастырып, білім беру қызметтерін құқықтық реттеудегі бар қайшылықтар мен олқылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Диссертацияда халықаралық тұтынушылардың құқықтарын қорғау стандарттарын ескере отырып, осы саладағы заңнамалық базаны кешенді жетілдіру қажеттілігі негізделеді. Автордың ғылыми үлесі білім беру қызметтерін реттеу және оларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдаудан тұрады. Ұсынылған ұсыныстар білімгерлерді құқықтық қорғаудың тиімділігін арттыруға, білім беру қатынастарына қатысушылардың мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге және білім беру қызметтерін реттеудің заманауи жүйесін әзірлеуге бағытталған. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – ««Жоғары кәсіптік білім беру

			саласындағы білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарына азаматтық-құқықтық реттеу» // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. – №3 (70). - Б. 80-89. 7-тұжырым. 7.1 Диссертатциядағы жетінші тұжырымда білім беру саласындағы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы жаңғырту қажеттілігіне бағытталған. Автор білім беру қызметінің ерекшеліктерін ескеретін және білім беру ұйымдары мен тұтынушылар арасындағы мүдделер теңгерімін қамтамасыз ететін білім беру қызметтерін құқықтық реттеуге кешенді тәсілді әзірлеу қажеттілігін негіздейді. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтары: концептуализация мәселелері және заңнаманы жаңғырту мәселелері // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының хабаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. – 2022. - №2 (69). – 104-115 ББ. 8-тұжырым

			7.1 Диссертатциялық жұмыстың сегізінші тұжырымдасында білім беру саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғаудағы қызметтер мен іс-әрекеттердегі құқық қорғау органдарының қызметінде кездесетін қиындықтар мен олқылықтар талданады. Автор білім беру қызметтерінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы қолданудың кешенді талдауын жүргізді. Зерттеу барысында қазіргі құқық қолдану тәжірибесі білім беру қызметтерін тұтынушылар ретінде білімгерлердің құқықтық мәртебесінің жеткіліксіз айқындығына, білімгерлер мен білім беру ұйымдары арасындағы дауларды шешуге бірыңғай тәсілдің болмауына және білім беру саласындағы тұтынушылар құқықтарының бұзылуын дәлелдеудің қиындығына байланысты бірқатар жүйелік мәселелермен сипатталатыны анықталды. Диссертацияда негізгі мәселелердің бірі білімгерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерінің шектеулі қолжетімділігі, сондай-ақ осы саладағы сотқа дейінгі дауларды шешу рәсімдерінің жеткіліксіздігі және оны дамытудың тетіктерін жетілдірудің қажеттілігі көрсетілген. Білім беру қызметтерін көрсетуге байланысты дауларды шешуде азаматтық құқық пен тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы қолданудағы кездесетін қиындықтарды анықтаған сот тәжірибесін талдауға ерекше назар аударылған. Бұл ереженің ғылыми жаңалығы автордың Қазақстан Республикасында білім беру

			қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудағы құқық қолдану тәжірибесіне алғашқы жүйелі талдау жүргізуінде, бұл оған сот тәжірибесінің дамуындағы негізгі үрдістерді анықтауға және осы саланы құқықтық реттеудегі негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Автордың ғылыми үлесі білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды әзірлеуден, соның ішінде сотқа дейінгі дауларды шешу рәсімдерін әзірлеуден, білімгерлердің құқықтарын сот арқылы қорғаудың тиімділігін арттырудан және білім беру саласындағы шарттық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруден тұрады. Автордың ұсыныстарын білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру үшін пайдалануға болады. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – зерттеу тақырыбы бойынша автор жариялаған әрбір мақалада дәлелденген. 9-тұжырым. 7.1 Диссертатциялық жұмыстың тоғызыншы тұжырымдадасында негізгі тақырыптық ашу

			жолының мәні білім беру саласындағы тқтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін анықтау және олардың шешу жолдары көрсетілген. Осы негізде Қазақстан Республикасының сот практикасындағы нақты жүргізілген істердің нәтижесі талданды. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдайды. Автор білімгерлердің құқықтарын қорғаудың кешенді жүйесін әзірлеуді ұсынады, оның ішінде: заңнаманы жетілдіру; сотқа дейінгі дауларды шешу тетіктерін әзірлеу; және білім беру қызметтерінің сапасын бақылаудың заманауи технологияларын енгізу.Білім саласындағы тұтынушының деректерін сақтау мен олардың білім сапасын бағалауда цифрлық жүйені жетілдіру арқылы тұтынушының құқықтарын қорғау тәсілдерін ұсынады. 7.2 – жоқ; 7.3 – иә; 7.4 – кең; 7.5 – зерттеу тақырыбы бойынша автор жариялаған әрбір мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: **1) ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми нәтижелеріне, сондай-ақ, теориялық және эмпирикалық әдістердің жиынтығына негізделген. Автор зерттеу міндеттерін орындау барысында жалпы ғылыми және арнайы әдістерді, атап айтқанда, талдау мен синтезді, индукция мен дедукцияны, тарихи әдісті, жүйелеуді, құрылымдық-функционалдық әдістерін қолданған. Арнайы әдістердің қатарында салыстырмалы-құқықтық талдау, дәлелдеу мен ресми-құқықтық әдіс

			және сот статистикасын талдау әдістері қолданылған. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі зерттеудің 1 бөлімнің 1-ші бөлімшесінде кеңінен құқықтық қатынастардың негізін сипаттаған, зерттеу тақырыбының ерекшеліктерін ескере отырып таңдалған жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерінің кешенін білдіреді. Әдістердің дұрыс таңдалуы мен олардың тиімділігі зерттеуде алынған ғылыми нәтижелермен дәлелденген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының теориялық қорытындылары зерттеу барысында толығымен дәлелденіп, расталған. Зерттеудің мақсатына жету үшін кешенді әдістер қолданылған, ол теориялық және эмпирикалық әдістерді қамтиды. Теориялық әдістер қатарында ғылыми-әдістемелік талдау, жүйелеу және салыстыру әдістері болды. Эмпирикалық әдістер ретінде сот шешімдерін талдау жұмыстары жүргізілді. Зерттеуде алынған нәтижелер кешенді әдістерді қолдану арқылы жүйеленіп, талданған. Жүргізілген теориялық талдау ұсынылған тұжырымдардың дұрыстығын анықтайды. Диссертацияның нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы заманауи талаптарға сай алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары	Зерттеудің теориялық қорытындылары заңнама мен құқық қолдану практикасының талданып расталған. Ешқандай эксперименттер енгізілген жоқ.

		үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **<u>расталған</u>** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы маңызды тұжырымдар мен ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді дереккөздерге сүйеніп, отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жасалған жүйелі сілтемелер арқылы дәлелденген. Диссертацияның барлық негізгі тармақтары тиісті ғылыми зерттеулерге сілтемелермен расталады. Автордың тұжырымдары қазақстандық және шетелдік ғалымдардың маңызды ғылыми монографияларына, халықаралық ұйымдардың зерттеулеріне, уәкілетті органдар мен ұйымдардың ресми есептеріне және сот тәжірибесіне сілтемелермен расталады. Сонымен қатар, диссертацияда келтірілген мәлімдемелердің көпшілігі Scopus, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми журналдарда жарық көрген еңбектерге сүйене отырып дәйектелген. Бұл зерттеудің ғылыми негізділігін, құқық жүйесінің заманауи талаптарына сай келетінін және теориялық жаңашылдығын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **<u>жеткілікті</u>**/жеткіліксіз.	Зерттеу барысында 162 қайнар-көз пайдаланылған, бұл әдебиеттер тізімі тақырыптың мәселелерін саралау мен шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **<u>1) бар;</u>** 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің құқық ғылымы үшін теориялық маңызы зор. Алынған нәтижелерді азаматтық құқық және әкімшілік құқық, мемлекеттік басқару теориясы, білім беру құқығы бойынша ғылыми

			жұмыстарда, сондай-ақ оқу-әдістемелік материалдарды дайындауда және білім беру қызметтерін құқықтық реттеу мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуде пайдалануға болады. Жұмыстың теориялық маңыздылығы ғылыми тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан негізделген. Зерттеу нәтижесінде заңнама мен практиканы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	Шоқан Бурашовтың диссертациялық жұмысы практикалық маңызға ие және алынған нәтижелерді білім беру саласына да, практикаға да тиімді енгізу мүмкіндігі жоғары. Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы оның тұжырымдары мен ұсыныстарын білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін және білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру үшін, пайдалануға негізделуі болып табылады. Бұл зерттеудің нәтижелерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы жетілдіруге және білім беру қызметтерін реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде және еліміздің білім саласындағы тұтынушылардың құқығын қорғаудағы құқықтық қатынастарды біріздендіруде, мемлекеттік органдардың нормативтік шығарушылық қызметінде пайдалануға болады. Диссертацияның ережелерін құқық қорғау тәжірибесінде білімгерлер мен білім беру ұйымдары арасындағы дауларды шешу кезінде, сондай-ақ білім беру мекемелерінің ішкі

			ережелерін әзірлеу кезінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автордың практикалық ұсыныстары жаңа және ғылыми тұрғыдан негізделген. Диссертацияда әзірленген ұсынымдар білім беру саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу және білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге бағытталған. Автор ұсынған шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген және практикалық болып табылады, себебі олар қолданыстағы заңнаманы, құқық қолдану тәжірибесін және білім беру қызметтерін құқықтық реттеудегі халықаралық тәжірибені кешенді талдауға негізделген. Диссертация авторының практикалық ұсыныстары қолданыстағы заңнамадағы анықталған олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға көмектеседі, білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді және мемлекеттік органдардың норма шығару қызметінде және құқық қолдану тәжірибесінде қолданылуы мүмкін. Автордың ұсынымдары білім беру қатынастарын құқықтық реттеуді одан әрі дамытуға және білім берудегі тұтынушыларды қорғау жүйесін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз ғылыми және практикалық шешімдер болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа;	Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына толық сай орындалған. Зерттеу жұмысы ғылыми стильде, нақты әрі дәл

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	тұжырымдармен, дәйектемелер мен сілтемелерді орынды қолдана отырып жазылған. Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың әрбір бөлігі басқа бөліктермен өзара логикалық байланыста жазылған. Жұмыс біртұтас толығымен аяқталған зерттеу болып табылады. Жұмыста рәсімдеу ережелері сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Жұмыстың жоғарыда айтылған артықшылықтарымен қатар, келесідей ескертулер мен сұрақтар туындады: Диссертация авторы қойылған мақсаттарға толық қол жеткізіп, зерттеу міндеттерін шешті. Ұсынылған жұмыс өте тәуелсіз және толық, мазмұнды түрде жан-жақты пәнаралық талдауға негізделген және теориялық тұрғыдан негізделген және практикалық тұрғыдан маңызды қорытындылар жасайды. Диссертацияның жалпы оң бағасына қарамастан, жұмыстың кейбір бөлімдері белгілі бір тармақтарды қайталайтынын атап өткен жөн, бұл презентацияның қысқалығын біршама төмендетеді. Білім беру жүйесінде білімгерлердің тұтынушы деректері бойынша: 1. *Білім беру жүйесінде шетелдің тәжірибелер Ұлыбритания, АҚШ және Түркия Республикасы бойынша тқтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қарастырған. Бірақ бқл көрсетілген мемлекеттердің құқық қорғау саласындағы білім беру жүйесіндегі заңдарға ғана тоқталған, осы бөлімдеде нақты тұтынушылардың құқықтарының сот жүйесінде немесе қоғамдық бірлестіктерде қаралған істердің статистикасы көрсетілгені орынды болар еді ;* 2. *Диссертатцияда көптеген шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылған, дегенмен отандық ғалымдардың еңбегі көптеп қатмылғанда;* 3. Дегенмен, бұл пікірлер ұсыныстық сипатта болады және зерттеудің жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың	Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша 7 жарияланымда көрініс тапқан. Оның 3-уі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға арналған басылымдарда жарық көрген: Оның ішінде 1 – i-Scopus дерекқорында индекстелетін ғылыми журналдарда халықаралық	

	зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	конференциялар материалдарының жинақтарында 3 мақаласы жарық көрген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы жарияланымдар: 1. Тұтынушылардың құқықтарын құқықтық реттеу: тарихи ретроспективасы және әлемдік озық тәжірибелер // Қарағанды университетінің Хабаршысы. - 2022. – №1(105). - Б. 46-54. 2. Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтары: концептуализация мәселелері және заңнаманы жаңғырту мәселелері // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының хабаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. – 2022. - №2 (69). – 104-115 ББ. 3. Жоғары кәсіпкерлік білім беру саласындағысы білім беру қызметі тұтынушылардың құқықтары азаматтық-Құқықтану// Қазақстан Республикасының заңнамасы және құқық ақпарат институты Жаршысы. - №3 (70). - Б. 80-89. Scopus компаниясының деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдар: Consumer Rights in the Republic of Kazakhstan and Their Legal Regulation: Transformation in the Context of Global Experience. Public Integrity, 25(6), 614–632. https://doi.org/10.1080/10999922.2022.2101268 (Q1, процентиль 81). Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған қорытындылар халықаралық конференция, халықаралық форумның материалдарында жарық көрген 1.Формирование института защиты прав потребителей в мире и в Казахстане., International scientific journal «Global science and innovations 2021: Central Asia», -№ (1)12,-2021. 2.Правовые вопросы регулирования законодательства по защите прав потребителей в области образовательных услуг Республики Казахстан., «Ұлы ғалым-заңгер Салық Зимановтың 100 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған«Академик Зиманов-ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен эволюциясының негізін қалаушы көрнекті ғалым» атты жас ғалымдар, магистранттар, білімгерлердің Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы. 26 ақпан 2021. 3.Защита интересов потребителей как система международных стандартов, Материалы международной научно-практической конференции «Развитие юридической науки независимого Казахстана», посвященной 30-летию Дня Независимости в Республике Казахстан, Институт истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая, (24

		декабря 2021 года). – Алматы, 2022. Бұның барлығы диссертант тақырыпты толық меңгергенін, тақырыпты жоғары деңгейде білетіндігін дәлелдейді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Шоқан Уәлиханұлы Бурашовтың PhD докторы академиялық дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманы қолданудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сай келеді және оның авторына Шоқан Уәлиханұлы Бурашовтың 8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
«Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы»
кафедрасының Phd аға оқытушысы

Н.Д. Мырзатаев

ҚОЛТАҢБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ